

## Банктік емес ұйымдардың 2007 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2007ж.	01.06.2007ж.
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	16	16
	<b>Жиынтығы</b>	<b>26</b>	<b>26</b>

### Ипотекалық ұйымдар

**Активтер.** 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымы активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 33 518,9 млн. теңгеге немесе 26,5 %-ға өсіп, 160 073,2 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдары активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 84,2% (134 828,9 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 8,9% (14 192,8 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарда орналастырылған салымдарға –

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.06.2007		Өсім, (%-пен)
	млн. теңге	% -пен жиынтығы	млн. теңге	% -пен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	111,8	0,1	-3,0
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	3 429,6	2,2	2,1 есе
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	14 192,8	8,9	11,0
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	2 550,0	1,6	0,0
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	986,0	0,6	100,0
Займы клиентам	103 472,4	81,7	134 828,9	84,2	30,3
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	0,0	0,0	-100,0
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 655,5	1,0	64,3
Басқа активтер	2 238,60	1,8	2 318,6	1,4	3,6
<b>Барлығы активтер</b>	<b>126 554,3</b>	<b>100</b>	<b>160 073,2</b>	<b>100</b>	<b>26,5</b>

2,2% (3 429,6 млн. теңге) келіп отыр.


#### 01.01.07ж. жасдай бойынша ипотекалық ұйымдары активтерінің құрылымы (%-пен)

Структура активов ипотечных организаций по состоянию на 01.01.07г. (%)



- Клиенттерге қойылатын талаптар  
Требования к клиентам
- Бағалы қағаздар  
Ценные бумаги
- ЕДБ-де орналастырылған салымдар  
Вклады, размещенные в БВУ
- Басқа заңды тұлғаларды капиталындағы инвестициялар  
Инвестиции в капитал других юр. лиц
- Корреспонденттік шоттар  
Корреспондентские счета
- Басқа активтер  
Прочие активы


#### 01.06.07ж. жасдай бойынша ипотекалық ұйымдары активтерінің құрылымы (%-пен)



**Кредиттік портфель.** 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 31,7%-ке өсіп, 137 521,7 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-тен 91,9%-ке дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-тен 7,9%-ке дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі 0,2% бұрынғы деңгейінде қалды.



Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.06.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -пен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -пен жиынтығы
<b>Несие портфелі барлығы</b>	<b>104 432,9</b>	<b>100</b>	<b>137 521,7</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>97 922,0</b>	<b>93,8</b>	<b>126 345,0</b>	<b>91,9</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>6 317,0</b>	<b>6,0</b>	<b>10 890,4</b>	<b>7,9</b>
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	7 623,0	5,5
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1 506,1	1,1
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	501,6	0,4
<i>4 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	397,7	0,3
<i>5 санатты күмәнді</i>	64	0,1	862,1	0,6
<b>Үмітсіз</b>	<b>193,9</b>	<b>0,2</b>	<b>286,3</b>	<b>0,2</b>



1 маусымдағы жағдай бойынша жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,2% құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ – 37,4%, «БТА Ипотека» АҚ - 48,4%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 13,4%.

**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдары міндеттемелердің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 31 197,7 млн. теңгеге немесе 31,6 %-ке өсті және 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 130 034,5 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (59,5%-ке) және басқа банктерден алынған заемдардың (38,5 %-ке) басым болды.

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.06.07		Өсім, (%-пен)
	млн. теңге	% -пен жиынтығы	млн. теңге	% -пен жиынтығы	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	50 054,1	38,5	78,9
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0,0	0	0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	77 344,7	59,5	14,4
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	726,3	0,6	-7,9
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	1 909,4	1,5	-23,4
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>			<b>130</b>		
	<b>98 836,7</b>	<b>100</b>	<b>034,5</b>	<b>100</b>	<b>31,6</b>



**Кірістілік.** 2007 жылғы 1 маусымдағы ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 1 763,8 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, (2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша – 545,1 млн. теңге) бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда анағұрлым көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 10 185,6 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 маусымдағы – 5 134,0 млн. теңге), шығыстар – 8 421,7 млн. теңге (2006 жылғы 1 маусымдағы – 4 589,0 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың млн. теңгедегі кірістілігі	млн. теңге		
	01.06.2006	01.06.2007	%-пен (+;-) өзгеруі
Сыйақы алуға байланысты кірістер	4 306,3	7 428,9	72,5
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	2 566,6	4 209,0	64,0
Сыйақы алуға байланысы жоқ кірістер	827,7	2 756,7	в 3,3 раза
Сыйақы төлеуге байланысы жоқ шығыстар	2 022,4	4 212,7	в 2,1 раза

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (91,6% немесе 6 807,6 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (63,1% немесе 2 654,5 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың басынан бастап 2 321,1 млн. теңгеге немесе 8,4%-ке өсіп, 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 30 038,7 млн. теңгені құрады.